

КІРІСПЕ.

Сөзсіз, мадақ Аллаһқа тән. Біз Оған мақтау айтамыз және Одан көмек әрі кешірім сұраймыз. Нәпсілеріміз бен амалдарымыздың жамандығынан Одан пана тілейміз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал, кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды.

Жалғыз серіксіз Аллаһтан өзге нағыз Тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беремін.

“Ей, момындар, Аллаһтан шынайы қорқумен қорқындар да мұсылман болған күйде ғана өліңдер”. (“Әли Имран” сүресі, 102-аят).

“Ей, адамдар! Сендерді бірі кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер-әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар. Сендер өзара Онымен сұрасатын Аллаһтан қорқындар. Және туыстардан (безуден) сақтанындар. Сөзсіз, Аллаһ сендерді бақылаушы”. (“Ниса” сүресі, 1-аят).

“Ей, момындар, Аллаһтан қорқындар және дұрыс сөз айтындар. Аллаһ істеріңді оңдап, күнәләріңді жарылқайды. Кім Аллаһқа және Оның елшісіне бой ұсынса, әрине, ол ұлы табысқа ие болады”. (“Ахзаб” сүресі, 71-аят).

Содан кейін:

Расында, ең шын сөз – Аллаһтың кітабы. Ең тура жол – Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның жолы. Істердің ең жаманы – дінде жаңадан пайда болғаны. Әрбір жаңадан пайда болған іс – бидғат. Ал, әрбір бидғат – Тозақта. Сосын бұдан кейін:

Бұл кітапта Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһтың (Аллаһ оны рақым етсін) сөздерінен дәлелдер және үзінділер берілген. Бұлар – Абу Ханифаның Аллаһтың бірлігіне (таухид) және сипаттарына деген және тағдырға, иманға, сахабаларға деген ақидасын – сенімін баяндайды. Сондай-ақ дін, иман мәселесінде білімсіз, дәлелсіз сөз сөйлеушілер туралы және сөйлеу біліміндегі тұтқан жолын, сонымен бірге ол кісінің өзі және шәкірттері ескерткен кейбір ширк көріністерін баяндайды.

Мен олардың кейбіреулеріне пайда толығырақ болу үшін түсінік беріп өттім. Әрі әрбір тарауға қорытынды жасап, оқушының ой-өрісін дамыту мақсатымен және пайда молырақ болу үшін сұрақтар бердім.

Аллаһ Тағаладан қабыл алуын және туралыққа жолдауын сұраймын. Ол – менің қорғанышым. Ол нендей жақсы қорғаныс!

Пайғамбарымыз Мұхаммедке Аллаһтың есендігі және мейірімі болсын.

Доктор: Мұхаммед ибн Абдуррохман Әл-Хумайс.

БІРІНШІ ТАРАУ.

ИМАМ АБУ ХАНИФАНЫҢ ТАУХИД ТУРАЛЫ СЕНІМІ.

Бірінші: Ол кісінің Аллаһтың бірлігі жөніндегі ақидасы.

Құран және суннада (хадисте) келген дәлелдерден таухидтың үш салалы екендігі мәлім болады.

1. Таухидур-рубубия – Аллаһты Раббы екендігінде бір деп білу. Яғни, Аллаһ Тағаланы жаратуда және жаратылыс істерін басқаруда жалғыз деп сеніп, мойындау.
2. Таухидул-улуһия – Аллаһты Тәңірлікте бір деп білу. Яғни, басқа да сиынылып жатқан бекер болған нәрселер емес, Аллаһ Тағаланың жалғыз Өзі ғана сиынуға лайық деп сену және ғибадаттың барша түрін ешқандай серік қоспай, Оған ғана жасау.
3. Таухидул-әсмәи уас-сифат – Аллаһты есімдері және сипаттарында бір деп білу. Яғни, Аллаһ Тағаланы Құран және хадисте келген әдемі есімдерімен атау және жоғары сипаттармен сипаттау. Сондай-ақ бұл есімдер мен сипаттар Аллаһ Тағалаға лайық болған барша мағыналарды толықтай ұғындырады деп сену. Мысалы: Имам Абу Ханифа: *“Аллаһ Тағала мақұлықтардың сипатымен сипатталынбайды”* деген. Тағы да: *“Бірде біреудің Аллаһ туралы бірер сөз айтуы мүмкін емес. Бәлкім, Оны Өзінің сипаттаған нәрселерімен ғана сипатталады”*. *“Аллаһ Тағалаға дұға жоғарыдан қылынады, төменнен емес. Өйткені, төмен Раббының, Тәңірдің сипаттарынан емес”* деген. Бұл тарауда тағы да басқа көптеген дәлелдер келтіріледі. Олар өз орнында келеді.

Екінші: Тауассүлдің (ортаға қойып сұраудың) дұрыс болғанын баяндау, дұрыс болмағанын бекер ету.

Расында, тауассүл мәселесі – қатерлі мәселе. Бұл жөнінде надан кісілер мен нәпсісіне берілген кісілер қасында бидғаттар (жаңадан шығарылған нәрселер), таласулар көбейіп кеткен. Құран, хадисте келген дәлелдер тауассүлдің дұрысы да, жаңадан шығарылған тиым салынғаны да бар екенін айғақтайды. Дұрыс болған тауассүл үш түрлі болады:

1. Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарын ортаға қойып сұрау. Бұған дәлел Аллаһ Тағала айтқан: **“Ең жақсы атаулар – Аллаһқа тән. Оған сол аттармен жалбарыныңдар”**. (“Аъраф” сүресі, 180-аят).
2. Ізгі амалды ортаға қоя отырып, дұға ету. Үнгірге қамалып қалған үш кісінің оқиғасында келгеніндей.
3. Ізгі кісінің дұғасын ортаға қоя отырып сұрау. Бұған дәлел: Сахабалар Расуллуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмға (оған Аллаһтың сәлемі және рақымы болсын) келіп, өздеріне дұға етуін сұрауы.

Бұлардан басқа түрдегі ортаға қойып сұрау – жаңадан шығарылған әрі тиым салынған. Имам Абу Ханифа бұл мәселеде өте мұқият болған. Тіпті дұрыс та, бұрыс та мағыналары бар болған сөздермен ортаға қойып сұрауды жақтырмайтын, әрі бұдан қайтаратын. Ол кісінің сондай сөздерінен бірі: *«Мен кісінің: “Ей, Аллаһ, аршыңның құдіретімен” әлде “мақұлықтарыңның құрметімен сұраймын” деп айтуын жақтырмаймын»*. Бұл тарауда

ол кісінің осы секілді басқа да сөздері келтіріледі.

Біз көптеген адамдардың имам Абу Ханифаның ақидасынан бұрылып, тауассұлдің бірнеше жаңадан шығарылған түрлерін істеп жатқанын, ал оларды бұдан қайтарған кісіні “әулие, әнбиелерді жақсы көрмейді” дейтіндерін естіп, көріп жүрміз. Аллаһтың Өзі жәрдем берсін.

Абу Ханифа рахимаһуллаһ дұрыс, рұқсат етілген тауассұл жөнінде және бұрыс, жаңадан шығарылғанынан қайтару жөнінде былай дейді: *«Әрбір кісі Аллаһқа Аллаһтың Өзін ғана ортаға қойып әрі рұқсат беріліп, әмір етілген дұғамен ғана дұға етуі тиіс. Өйткені, Аллаһ Тағала айтқан: “Ең жақсы атаулар – Аллаһқа тән. Оған сол аттармен жалбарыныңдар. Аллаһтың атында қиғаштық істейтіндерді (кәпір болатындарды) қойып қойыңдар. Олар істегендерінің сазайын тартады”»*.(1) (“Аъраф” сүресі, 180-аят)

Жаңадан шыққан (бидғат) сөздерді тауассұл қылу.

Абу Ханифа рахимаһуллаһ айтқан:

1) *«Дұға қылып тұрған кісінің: “Ей, Аллаһ, Сенен пайғамбарларыңның құрметімен, каъбаның құрметімен сұраймын...” деуі жақсы емес»*. (2)

2) *«Әрбір кісі Аллаһқа тек қана Оның Өзін ортаға қойып дұға етуі керек. Мен бірер кісінің: “Ей, Аллаһ, аршыңның құрметімен” әлде “мақұлықтарыңның құрметімен сұраймын” деуін жақтырмаймын»*.(3)

Үшінші: Имам Абу Ханифа рахимаһуллаһтың Аллаһ Тағаланың сипаттарын бар деген және жаһмия тобына қайтарған сөздері:

3) *«Аллаһ Тағала мақұлықтардың сипаттарымен сипатталынбайды. “Ашулану” мен “риза болу” – Оның сипаттарынан. Бірақ, қандай екенін білмейміз. Әһлус-сунна уал-жамаъа – сунна және жамағат иелері бұл сөзді айтады*.(1) *Ол ашуланады және риза болады. “Оның ашуы – жазасы, ризалығы – сауабы” делінбейді. Оны Өзінің сипаттағанындай сипаттаймыз: Ол – біреу, қажетсіз, тұмаған туылмаған және ешкім Оған тең емес. Тірі әр нәрсеге күші жетуші, естуші, көруші, білуші. Оның Қолы (Йад) мақұлықтар қолынан үстін. Олардың қолындай емес. Және Оның Дидары (Уажһ) мақұлықтардың дидарындай емес”*.(1)

4) *“Құранда зікір етілгеніндей Аллаһ Тағаланың Қолы (Йад), Дидары (Уажһ), Жаны (Нафс) бар. Демек, Қол, Дидар, Жан Құранда айтылған болса, бұл – Аллаһтың сипаты болып табылады. Бірақ, қандай екенін білмейміз. “Оның Қолы мақсаты – құдіреті әлде нығметі” делінбейді. Өйткені, бұлай делінумен сипат бекер етілген болады. Қадария, Муътазила топтары осындай дейді*.(2)

5) *“Ешбір кісіге Аллаһ Тағаланың заты туралы бірде-бір сөз айту мүмкін емес. Сондай-ақ бұл туралы өз пікірімен де ештеңе айтпайды. Әлемдердің Раббысы – Аллаһ берекелі әрі жоғары”*.(3)

6) Абу Ханифадан Тәңірдің түсуі туралы сұралғанда: *“Ол түседі. Бірақ, қандай екені белгісіз”* деп жауап берді.(4)

7) *“Аллаһ Тағалаға жоғарыдан дұға етіледі, төменнен емес. Өйткені, Раббы және Тәңір болған Аллаһтың сипаттарында төмендіктен ешнәрсе жоқ”*.(5)

8) *«Ол ашуланады және риза болады. Оның “ашуы – жазасы, ризалығы – сауабы” делінбейді»*.(1)

9) *“Ол мақұлықтарынан бірде-бір нәрсеге ұқсамайды. Ол есімдері мен сипаттарында*

мақұлықтарына ұқсамаған және ұқсамайды да”.(2)

10) “Оның сипаттары мақұлықтардың сипаттарының қарама-қарсысы. Ол біледі, бірақ Оның білуі біздің білуіміздей емес. Күші жетеді, бірақ, біздікіндей емес. Көреді, бірақ біздің көруіміздей емес. Естиді, бірақ, біздің естуіміздей емес. Сөйлейді, бірақ, біздің сөйлеуіміздей емес”.(3)

11) “Аллаһ Тағала мақұлықтардың сипатымен сипатталынбайды”.(4)

12) “Кім Аллаһ Тағаланы мақұлықтардың сипаттарымен сипаттаса, кәпір болыпты”.(5) Имам Наъим ибн Хаммад айтады: “Кім Аллаһты жаратқан нәрсесіне ұқсатса, онда ол кәпір болыпты. Сондай-ақ кім Аллаһтың Өзін сипаттаған сипатын жоққа шығарса, онда ол кәпір болыпты...” Өткен ізгі кісілердің (салаф) барлығы осы сөзді айтқан.

13) “Аллаһ Тағаланың сипаттары “затия” және “феълия” болып екіге бөлінеді. “Затия” дегені: Өмір (тірлік), құдірет, білім, сөйлеу, есіту, көру, қалау секілді Аллаһ Тағаланың Өз затында болған сипаттар. “Феълия” дегені: Жарату, ырызық беру, пайда қылу секілді Аллаһ Тағаланың ісінде болған сипаттар. Аллаһ Тағала осы есім, сипаттармен болып келген, бола береді”.(1)

Қосымша: Имам Абу Ханифаның затия және феълия жөнінде айтып өткен сөздеріндегі атап өткен сипаттары мысал үшін, осы-ақ дегені емес. Ол кісінің бұл сөздерінен “Имам Абу Ханифа Аллаһ Тағаланың сипаттарын жетеу етіп, шектеп қойыпты” деп түсінілмесін.

14) «Ол Өз істерін жасаушы болып келген. Демек, “жарату” бұрыннан(2) болып келген сипат. Жаратушы, Ол – Аллаһ, ал, жаратылған, ол – мақұлық. Ал, Аллаһтың жаратуы мақұлық емес». (3)

15) «Кім: “Раббымның аспанда әлде жерде екенін білмеймін” десе, кәпір болыпты. Сол сияқты кім: “Ол – ариштың үстінде. Бірақ, ариш аспанда ма, жерде ме білмеймін” десе де, кәпір болыпты”.(4)

16) Бір әйел ол кісіден: “Сенің сиынатын Тәңірің қайда?” деп сұрағанда ол кісі: “Аллаһ Тағала аспанда, жерде емес” деп жауап берді. Бір кісі: “Аллаһ Тағаланың “Хадид” сүресінің 4-аятындағы “Ол сіздермен бірге...” деген сөзіне не дейсіз?” деп сұрағанда, ол кісі: “Бұл – сенің өзіңнің алыста тұрып, “Мен сенімен біргемін” деп хат жазғаныңдай” деп жауап берді.(1)

17) “Аллаһ Тағаланың Қолы мақұлықтардың қолы үстінде. Оның Қолы мақұлықтың қолындай емес”.(2)

18) “Аллаһ Тағала аспанда, жерде емес”. Сонда бір кісі: “Ол сіздермен бірге...” деген “Хадид” сүресінің 4-аятындағы Аллаһтың сөзіне не дейсіз?”- деді. Ол кісі: “Бұл – сіз бір кісіге өзіңіз одан алыста тұрып “Мен сенімен біргемін” деп жазғаныңыз секілді” деді.(3)

19) “Аллаһ Тағала Мұса алайһис-сәләмға сөйлеуден бұрын сөйлеуші еді”.(4)

20) “Ол Өз сөзін сөйлеуші. Демек, сөйлеу – бұрыннан болған сипат”.(5)

21) “Ол сөйлейді, бірақ, біздің сөйлегеніміздей емес”.(1)

22) “Мұса алайһис-сәләм Аллаһ Тағаланың сөзін естіген. Аллаһ Тағала айтқан: “**Аллаһ Мұсаға сөйледі**”. (“Ниса” сүресі, 164-аят). Аллаһ Мұса алайһис-сәләммен сөйлеспей тұрып, сөйлеуші еді”.(2)

23) “Құран – Аллаһ Тағаланың сөзі парақтарға жазылған, жүректерге жатталған, тілдерде оқылған және Мұхаммед алайһис-сәләмға түсірілген”.(3)

24) “Құран – мақұлық (жаратылған) емес”.(4)

ҚОРЫТЫНДЫ.

1. Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһ сенімді дәлелмен келмеген сөздерді ортаға қойып сұрауды жақтырмады.
2. Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһ Аллаһ Тағаланың барша есімдері мен сипаттарын Оның Өзіне лайықты болған түрде бар етті (сипаттады).
3. Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһ Аллаһ Тағаланың жоғарыда екендігіне сенбеген кісіні кәпір деп санады.
4. Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһ Құран – Аллаһтың сөзі және оның жаратылмаған екеніне сенді.
5. Имам Абу Ханифаның сөздерінде таухидтың үш түрі – Таухидур-рубубия, таухиду-луһия, таухиду-л-әсмәи уас-сифат зікір етілді.

ЕСКЕРТУ:

Мұсылман бауырым! Біліп қойыңыз!

Сіз жоғарыдағы имам Абу Ханифа рахимаһуллоһтың сөздерінен ол кісінің Аллаһ Тағаланың барша сипаттарына ұқсатусыз сенгендігін және ол кісінің Аллаһ Тағаланың бірде-бір сипатын бекер етпей, пәктегенін білдіңіз. Өйткені, ол кісі Аллаһ Тағаланың жоғарыда екеніне; бұл арабша шынында Аллаһ Тағаланың сөзі екеніне; Мұса әлейһис-сәләм шынында Аллаһ Тағаланың сөзін естіген екеніне және Аллаһ Тағаланың дүние аспанына түсетінін, бірақ, оны қандай екенін біз білмейтіндігімізге сенеді. Сондай-ақ Аллаһ Тағаланың Дидары, екі Қолы бар екенімен сипаттанатынына әрі Аллаһ Тағаланың бірде-бір сипатын өзгертіп қолы – құдіреті, ашуы – жазасы, ризалығы – сауабы деп айтудың мүмкін емес екеніне сенеді. Өйткені, бұл – сипаттарды бекер ету болып табылады. Әрі бұлай ету – “жаһмия” тобының жолы. Имам Абу Ханифаның осынша сөздерінен кейін де “матурудия” жолындағылар имам Абу Ханифаның ақидасын қойып, жаһмия тобына еріп, Аллаһтың жоғарыда екенін жоққа шығарулары және Құран жаратылған деп айтулары және Аллаһ Тағаланың көптеген сипаттарын бекер етіп, өзгертулері қалайша мүмкін болмақ?!

СҰРАҚТАР.

- 1-с. Дұрыс болған тауассүлдің түрлері қандай? Олардың әрқайсысына дәлел айтыңыз.
- 2-с. Имам Абу Ханифаның адамдардың тауассүл қылатын әр түрлі сөздерге көзқарасы қандай?
- 3-с. Имам Абу Ханифаның Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарына деген сенімі туралы қысқаша айтып беріңіз?
- 4-с. Имам Абу Ханифаның Құранға деген сенімі қандай болды?
- 5-с. Аллаһ Тағаланың жоғарыда екенін жоққа шығарған кісінің үкімін баяндап беретін имам Абу Ханифаның сөздерінен дәлел айтыңыз.
- 6-с. “Әһлус-сунна уал-жамаа” сөзінен мақсат не? Және ол қашан пайда болған?
- 7-с. Таухидтың түрлері қанша? Және имам Абу Ханифаның бұларға деген көзқарасы қандай?
- 8-с. Аллаһ Тағаланың сипаттары барысында матурудия жолындағылардың сенімі Абу Ханифаның сеніміне сай келген бе, әлде қарсы келген бе?
- 9-с. Егер қарсы келген болса, Абу Ханифаға қарсы келген үлкен мәселелерді баяндап беріңіз.

ЕКІНШІ ТАРАУ.

ИМАМ АБУ ХАНИФАНЫҢ ТАҒДЫР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚЫШТАРЫ ТУРАЛЫ СЕНІМІ.

Құран және хадисте келген дәлелдер тағдырға иман келтірудің төрт басқышпен екенін және иманның осы төрт басқышпен ғана толық болатынын дәлелдеген:

1. Тәңірдің алдын-ала білетіндігіне сену.
2. Әрбір болатын нәрсенің жазылып қойылғандығына және оның көк пен жердің жаратылуынан бұрын лаухул-махфузда бұрыннан жазылып қойылғандығына сену.
3. Барша мақұлықтардың және пенделердің істері үшін т.б. Тәңірдің жалпы қалауы болатынына сену.
4. Жаратуға сену. Яғни, әрбір болған нәрсені Аллаһ Тағала жаратқан. Төменде имам Абу Ханифа рахимаһуллоһтың осы төрт басқыштың әрқайсысы жеке-жеке баяндалған сөздері келтіріледі:

1) Бір кісі имам Абу Ханифаның қасына тағдыр мәселесінде жүгініп келді. Имам бұл кісіге: *“Тағдыр мәселесін қараушы кісінің күнге қарауымен бірдей екенін, қараған сайын таңдануы арта түсетінін білмейсің бе?”* - деді.(1)

Абу Ханифаның бұл сөзінен мақсат: Жоғарыда айтылып өткен тағдыр басқыштарын бекіту емес, беймәлім істерге терең үңіліп, оны тексеруден қайтару.

2) Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһ айтқан: *“Аллаһ Тағала барша нәрсені бұрыннан, жаратуынан алдын білуші”*.(2)

3) *“Аллаһ Тағала жоқ нәрсені бар болмай тұрып әрі егер оны бар ететін болса, қандай болатынын біледі. Сондай-ақ бар нәрсенің бар болып тұрған халін әрі оның қалай жоқ болатынын біледі”*.(3)

4) *“Аллаһ Тағаланың тағдыры лаухул-махфузда”*.(4)

5) *“Біз Аллаһ Тағаланың қаламды жаратып, оған жазуды бұйырғанына сенеміз. Сонда қалам: “Я, Раб, нені жазайын?” - деді. Аллаһ Тағала: “Қиямет күніне дейін болатын нәрселерді жаз” деді. Бұған дәлел: Аллаһ Тағала айтқан: “Олар істеген әр нәрсе дәптерде бекітілген. Үлкен-кіші әр нәрсе жазулы”*.(5) (“Қамар” сүресі, 52-53-аяттар).

6) *“Дүниедегі және ақыреттегі әрбір нәрсе Аллаһ Тағаланың қалауымен болады”*.(1)

7) *“Аллаһ Тағала нәрселерді жоқтан бар етіп жаратты”*.(2)

8) *“Аллаһ Тағала жаратуынан бұрын жаратушы еді”*.(3)

9) *“Сондай-ақ пенденің амалдарымен, мойындауымен, білімімен жаратылған екеніне және орындаушының өзі жаратылған болса, онда оның істерінің жаратылған болуға лайықтырақ екеніне сенеміз”*.(4)

10) *“Пенделердің әрекеттену, (әрекетсіз) тұру секілді барша істері Аллаһтың қалауымен, білімімен, жазып тағдыр етуімен болады”*.(5)

11) *“Әрекеттену, (әрекетсіз) тұру секілді пенделердің барша істері, шынында, олардың Аллаһ жаратқан кәсіптері. Бұлардың баршасы – Аллаһтың қалауы, білімі және жазып, тағдыр етуімен болады. Жақсы істердің баршасы Аллаһтың әмірі, махаббаты, ризалығы, білімі және қалауы, жазып тағдыр етуімен міндет. Сондай-ақ күнәлардің*

барлығы да Оның білімі, қалауы, және жазып, тағдыр етуімен болады. Бірақ, Оның махаббаты, ризалығы және әмірімен емес”.(1)

12) *“Аллаһ Тағала мақұлықтарды кәпірліктен және иманнан таза етіп жаратты”.(2)*
Сосын оларды шақырды, бұйырды, қайтарды. Кәпір өз ісімен және Аллаһты жоқ деуімен және Аллаһтың оны жәрдемсіз қалдыруымен кәпір болды. Ал, иманды өз ісімен, сенуімен және Аллаһтың жәрдем беріп оңдауымен иман келтірді”.(3)

13) *“Аллаһ Тағала Адам аләйһис-сәләмның ұрпағын ол кісінің белінен шығарып, оларды ақылды етті. Сосын оларды шақырып, иманға бұйырып, кәпірліктен қайтарды. Олар Оның Раббы екенін мойындады. Бұл – олардың иманы еді. Сондықтан олар осы Ислам – иман табиғатымен дүниеге келеді. Кім осыдан кейін кәпір болса, онда ол табиғатын өзгертіп, бұзған болады. Ал, кім иманды болып сенсе, бұл табиғатында бекем тұрып, жалғасқан болады”.(4)*

14) *“Аллаһ Тағала барша нәрсені тағдыр етіп, жазып қойған. Дүниедегі және ақыреттегі барша нәрсе Оның қалауымен, білімімен және тағдырымен болады. Ол бұларды лахул-махфузға жазып қойған”.(1)*

15) *“Аллаһ Тағала мақұлықтарының ешбірін не кәпірлікке, не имандылыққа зорламаған. Бірақ, оларды пенде етіп жаратты. Иман мен кәпірлік – пенделердің істері. Аллаһ Тағала кімнің кәпір болатынын біледі. Егер ол бұдан кейін иманды болса және оны иманды деп білсе, оны жақсы көреді. Бірақ, Оның білімі өзгермейді”.(2)*

ҮШІНШІ ТАРАУ.

ИМАМ АБУ ХАНИФАНЫҢ ИМАН ТУРАЛЫ СЕНИМІ.

Құран және хадисте келген дәлелдер “иманның” жүреппен сену, тілмен айту, мүшелермен орындау екенін және оның артып, кеміп тұратынын айқындаған. Өткендердің көпшілігі осы пікірді ұстанған. Бірақ, Абу Ханифа рахимаһуллоһ бұл мәселеде өткендерден өзгеше болған. Өйткені, бұл пікірге қайшы ол кісінің бірнеше сөздері бар. Солардан:

1) *“Иман – сеніп, мойындау”*.(1)

2) *“Иман – тілмен мойындап, мүшелермен орындау. Мойындаудың өзімен иман болмайды”*.(2) Және бұл сөзді имам Өт-Тохауи Абу Ханифа және ол кісінің шәкірттерінен жеткізген.(3)

3) *“Иман артпайды және кемімейді”*.(4)

Мен имам Абу Ханифа рахимаһуллоһтың “Иман артпайды және кемімейді”, “Иман – тілмен мойындап, мүшелермен орындау”, “Амал иманның негізінен тысқары нәрсе” деген сөздерімен, сенімі имам Малик, имам Шафиъи, имам Ахмад, Исхақ, Бұхари секілді тағы да басқа имамдардың сенімінен өзгеше болған деймін. Ақиқат олар тарапында. Имам Абу Ханифаның бұл сөздері ақиқаттан алыс. Не болса да имам Абу Ханифа әрекеті үшін сауабын алады. Ибну Абдул-бир және ибну Абдул-ъиздер Абу Ханифаның бұл сөздерінен қайтқан екенін айтқан. Аллаһ біледі.(1)

ҚОРЫТЫНДЫ.

1. Абу Ханифа рахимаһуллоһ “иман бұл – мойындап, сену ғана. Ол артып, кемімейді” дейді.
2. Өткендердің көпшілігі Абу Ханифадан бұл мәселеде өзгеше.

СҰРАҚТАР.

- 1-с. Абу Ханифа “иман” туралы не айтқан?
- 2-с. Ол кісінің сөздері басқа имамдардың сөздерімен сай ма?

ТӨРТІНШІ ТАРАУ.

ИМАМ АБУ ХАНИФАНЫҢ САХАБАЛАР ТУРАЛЫ СЕНІМІ.

Ғұламалар (Аллаһ оларды рақым етсін) өз кітаптарында сахабалар туралы сөз қозғап, пікірлерін білдірген. Себебі бидғатқа және нәпсілеріне ерген кісілер Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмның сахабаларының көпшілігі әлде кейбіреулері туралы жаман сөз айтып сынаған. Сондай, сахабалар туралы сөз қозғап, өз пікірін білдірген ғұламалар қатарында Абу Ханифа рахимаһуллоһ та бар. Төменде ол кісінің сахабалар туралы айтқан сөздерінен келтіріледі:

- 1) *“Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмның сахабаларын жақсылықпен ғана еске аламыз”*.(1)
- 2) *“Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмның сахабаларының біреуін де жек көрмейміз. Және біреуін қойып, басқа біреуін дос тұтпаймыз”*.(2)
- 3) *“Сахабалардың біреуінің Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләммен бір сағат бірге болғаны біздің біреуіміздің, егер өміріміз қаншалық ұзақ болса да, өмір бойы қылған амалымыздан артық”*.(1)
- 4) *“Біз Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмнан кейін бұл үмбеттің ең абзал кісісі Абу Бакр Әс-Сиддиқ, одан кейін Омар, одан кейін Усман, одан кейін Али екенін мойындаймыз. Олардың барлығынан Аллаһ риза болсын”*.(2)
- 5) *“Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмнан кейін адамдардың ең абзалы Абу Бакр, Омар, Усман, Али. Сосын Расулуллоһ саллаллоһу алейһи уа сәлләмның барша сахабаларын жақсылықпен ғана еске аламыз”*.(3)

ҚОРЫТЫНДЫ.

1. Имам Абу Ханифа рахимаһуллоһ сахабалардың баршасын дос тұтып, жақсы көру міндет екенін айтады.
2. Абу Ханифа рахимаһуллоһ төрт халифаны басқа сахабалардан артық көреді. Әрі олардың артықтықтары халифалық тәртіптері бойынша.
3. Абу Ханифа рахимаһуллоһ сахабаларды тек қана жақсы көру міндет екенін айтады.

СҰРАҚТАР.

- 1-с. Абу Ханифа рахимаһуллоһтың сахабалар- ға деген көзқарасы қандай болды?
- 2-с. Абу Ханифа рахимаһуллоһтың көзқарасы бойынша сахабалардың ең абзалы кім?

БЕСІНШІ ТАРАУ.

ИМАМ АБУ ХАНИФАНЫҢ НӘПСІСІНЕ ЕРГЕНДЕРДЕН, ТАЛАСУЛАРДАН ЖӘНЕ ДІНДЕ ЖАҢАЛЫҚ ШЫҒАРУДАН ҚАЙТАРУЫ

Абу Ханифа рахимаһуллаһ сөзге, нәпсілеріне беріліп кеткен кісілермен бірге отырып, оларды тыңдауға тиым салған. Және зиянды болғаны үшін пәлсапалықпен айналысудан қайтарған. Ол кісінің бұлардан қайтарғаны туралы сөздері және сөз (кәләм), сөзге берілген кісілерді (кәләмшыларды) сынап айтқан сөздері көптеп кездеседі. Төменде сол сөздерінен келтіріледі:

- 1) *“Нәпсісіне берілгендер Басрада көп. Мен ол жерде жиырма реттен аса болдым. Сөз (кәләм) білімі – білімдердің ең ұлысы деп ойлап, бір жылдан көбірек немесе азырақ сол жерде тұрдым”.*(2)
- 2) *“Мен сөз (кәләм) білімін жақсы деп ойлап, үйренуші едім. Тіпті маған саусақпен көрсетілетін дәрежеге жеттім. Біз Хаммад ибн Абу Сулайманның сабақ өтетін жеріне жақын жерде отырушы едік. Бір күні бір әйел келіп: “Бір кісінің күң әйелі бар болып, егер оны сүннет бойынша талақ етуді қаласа, қанша талақ береді?” деп сұрады. Мен не деп жауап берерімді білмей, Хаммадтан барып сұрауын, сосын қайтып келіп маған да хабар беруін өтіндім. Ол барып сұраса, Хаммад: “Әйел етеккірден таза болғаннан кейін, қосылмай тұрып бір талақ береді. Сосын екі рет хайз болғанша қойып қояды. Содан кейін ол ғұсыл құйынады. Сосын басқа күйеуге шығуына рұқсат” деп жауап беріпті. Ол әйел осылай деп маған жеткізді. Сонда мен: “Сөз (кәләм) білімінде маған ешқандай қажет жоқ екен” деп, кебісімді алып, Хаммадтың сабақтарына келіп, қатыса бастадым”.*(1)
- 3) *“Аллаһ Тағала Амр ибн Абидты лағнеттесін. Өйткені, ол адамдарға пайдасы болмаған сөз (кәләм) жолын ашып берді”* (2)
- 4) Бір кісі Абу Ханифадан: *“Адамдардың сөз білімі барысында шығарып алған белгілері, формалары туралы не дейсіз?”*- деп сұрағанда, ол кісі: *“Бұл – философтардың сөздері. Сен хадисті және өткендердің жолын ғана ұстан. Әрбір жаңадан шыққан істерден абай бол. Өйткені, ол – бидғат”* деп жауап берді.(1)
- 5) Абу Ханифаның ұлы Хаммад айтады: *«Бір күні әкем марқұм менің қасыма кірді. Менің қасымда сөзге ерген бірнеше кісілер болып, бір мәселеде таласуда едік. Біздің дауысымыз қаттырақ шығып кетті. Мен әкемнің аулада тұрғанын байқап қалдым да, алдына шықтым. Әкем: “Ей, Хаммад қасыңда кім бар?”*- деп сұрады. Мен: *“Пәленше, пәленшелер бар”* деп, қасымдағылардың есімдерін атадым. Әкем: *“Не істеп отырсыңдар?”*- деді. Мен бір мәселені қарап отырғанымызды айттым. Сонда әкем маған: *“Ей, Хаммад, сөзді (кәләмді) қой”*,- деді. Мен әкемді – бір нәрсені бұйырып, сосын одан қайтарады деп білмеуші едім. Сондықтан оған: *“Ей, әкешім, өзіңіз мені бұған бұйырған емессіз бе?”*- дедім. Ол: *“Иә, ей, ұлым, ал бүгін сені одан қайтарамын”*- деді. Мен: *“Неге?”* дегенімде, ол: *“Ей, ұлым, бұл сөз (кәләм) мәселелерінде таласушылардың кімдер екенін білесің бе? Олар бір сөзді, бір дінді ұстанған кісілер еді. Шайтан олардың орталарына кіріп, дұшпандықты, таласуды*

салды. Сөйтіп олар таласып кетті”,- деді».(2)

б) Абу Ханифаның шәкірті Абу Юсуф былай деген: *“Жалпы халыққа дін туралы мәеледе сөз айтудан абай бол. Өйткені, олар саған өздерін ұқсатып еруде. Егер сен сөз (кәләм) туралы айтатын болсаң, олар сонымен шұғылданып, әуреленеді”.*(1)

Мен бұл айтылғандардың Абу Ханифа рахимаһуллоһтың діннің негізі, сөз (кәләм) білімі және сөйлеушілер (кәләмшілер) жөнінде айтқан сөздері, сенімі және тұтқан орны екенін айтпақпын.

ҚОРЫТЫНДЫ.

1. Абу Ханифа рахимаһуллоһ сөз (кәләм) білімінен және діннің негізгі мәселелерінде тартысулар мен таласулардан қайтарушы еді.
2. Ол кісі сөзге (кәләмге) берілгендерге қарсы жамандық есіктерін ашқандары үшін қатты тұрды. Тіпті ол кісі Амр ибн Абидты лағнеттеді.

СҰРАҚТАР.

- 1-с. Абу Ханифаның сөз (кәләм) және сөзге беріліп кеткен сөйлеушілерге (кәләмшілерге) деген тұтқан орны қандай?
- 2-с. Нәпсісіне ергендер кімдер? Дінде жаңалық шығарудан мақсат не?
- 3-с. Абу Ханифаның Амр ибн Абидты лағнеттегенінің себебі не?

АЛТЫНШЫ ТАРАУ.

ИМАМ АБУ ХАНИФАНЫҢ ШИРК ЖӘНЕ ОНЫҢ СЕБЕПТЕРІНЕН ҚАЙТАРУЫ ТУРАЛЫ

Ислам діні Аллаһ үшін ықыласпен таухид (Аллаһтың бірлігі) тарапын шынайы қорғауға әрі Аллаһқа серік қосудың барша жолдарын жауып, оларды жоқ етуге қатты мән берді. Қайтыс болған ізгі кісілерді ұлықтауда тереңге кету ширктің ең ескі де алғашқы себебі болып табылады. Бұл Нух аләйһис-сәләмның қауымында болған. Аллаһқа серік қосудың басталуы ізгі кісілерді аса құрметтеп, ұлықтауда тереңге кетуден басталды. Бұл Абдуллоһ ибн Аббас және басқа сахабалардан риуаят етіліп, дәлелденген. Ислам бұл есіктерді жабуға қатты мән берді. Әһлус-сунна ғұламалары (Аллаһ оларды рақым етсін) қабірдегілерді ұлықтауда терең кетушілерді қайтаруда және таухидты қорғауда қатты тұрды. Сондай ғұламалардың қатарында Абу Ханифа рахимаһуллоһ та болды. Төменде ол кісімен серіктерінің және ол кісіге ерген кісілердің бұл жөнінде айтқан сөздерімен танысамыз:

Бірінші: Ширктің себептері.

Абу Ханифа және ол кісіге ерген кісілерден қабірлерді цементтеу және оның үстіне салу;(1) оны биік қылу;(2) оған жазу;(3) оны мешіт етіп алу;(4) және ол жерде шырақ жағу;(1) оған қарап намаз оқу немесе дұға қылу;(2) ол жерді мерекелік зиярат орны етіп алу;(3) оған арнап сапар ету(4) секілді ширктің себептерінен қайтарған риуаяттар келген.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Абу Ханифа рахимаһуллоһ және ол кісіге ергендер қабірлерді және ондағы кісілерді ұлықтап, тереңге кету сияқты ширкке алып баратын істерден қайтарған. Көптеген дәлелдер бар.

СҰРАҚТАР.

- 1-с. Қабірлерді ұлықтауда терең кетуде Абу Ханифаның тұтқан жолын баяндаңыз.
- 2-с. Дұға жасау кезінде Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның қабіріне қарап тұруға Абу Ханифаның көз қарасы.
- 3-с. Қазіргі таңдағы қабірлерді ұлықтау көріністерінен кейбіреуін айтып беріңіз.

Екінші: Абу Ханифа мен ол кісіге ерген кейбір кісілердің ескерткен ширк көріністері.

Арабтардан болған мүшріктердің таухидур-рубубияда емес таухидул-улуһияда ширк келтіргендері танданарлық жай. Бірақ бұдан да танданарлығы – бүгінгі таңдағы мұсылман халықтар арасында таухидур-рубубияда ширк көріністерінің көбейіп кеткендігі. Егер оқушы бұл тарауда айтылған көріністермен танысып шықса, сөзсіз, тандануы жоғалады. Тарауда кейбір дәлелдер маңызды болғаны үшін кең көлемді етіліп берілді.

Мұхаммед Алауид-дин Әл-Хаскафи(1) Аллаһтан өзгеге нәзір еткен (арнаған) кісі туралы былай деген: *“Біліп қойыңыз! Көптеген қарапайым халықтың мәйіттерге беріліп кетулері және әулиелердің моласына оларға жақындау үшін шам, май секілді тағыз да басқа нәрселерді алу үшін ақша жинаулары – бекер және харам”*.(2)

* Ибнул Абидин бұл сөзді түсіндіріп, айтады: *«“Жақындау үшін” дегені бір кісінің: “Ей, пәленше қожам, егер жоғалған кісім қайтып келсе немесе ауруым жазылса немесе қажетім орындалса сіз үшін алтын не күміс тағамын әлде шам және май арнаймын” деп айтуы іспетті”*. *“Бекер және харам” дегенінің себептері бар: солардың бірі: Ол мақұлыққа арнап жатыр. Бұл дұрыс емес. Өйткені, бұл – ғибадат. Ал, ғибадат мақұлыққа жасалынбайды. Сондай-ақ арналып жатқан, ол – өлі. Өлі ешнәрсеге ие емес...»*.(3)

* Әл-Усуи Аллаһтан өзгеден көмек сұраушылардың халін және олардың өліктерге қатты беріліп, оларға арнау секілді тағыз да басқа ғибадаттарды істеп жатқандарын сипаттап, былай деген: *“Аллаһ Тағала айтқан: **“Сендердің Аллаһтан өзге табынып жатқандарың, егер барлығы жиылса да, әсте бір шыбын жарата алмайды”***. (“Хаж” сүресі, 73-аят).

*Бұл аят әулиелерді шектен ұлықтаушылардың да істерінің жаман екенін аңдатады. Өйткені, олар қиыншылық уақытта Аллаһты қойып, әулиелерден жәрдем сұрайды. Және оларға нәзір арнайды. Ақылдылары: “Олар біздің Аллаһқа байлаушымыз. Біз негізінде нәзірді Аллаһ үшін қыламыз, ал, сауабын әулиеге арнаймыз” дейді. Олар бұл сөздерімен пұтқа табынушыларға нендей ұқсайды. Себебі пұтқа табынушылар: **“...Біз бұларға бізді Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз”**,(1) - дейтін”*. (“Зумар” сүресі, 3-аят).

* Мұхаммед ибн Яхя ибн Мұхаммед Әл-Кандаһлауи(2) айтады: *“Мешіттерді қабірлер үстіне салу яһудилердің өз пайғамбарларының және ұлық кісілерінің қабірлерін мешіт етіп алғандықтарына ұқсайды. Және өлілерді ұлықтау болып табылғандықтан, бұлай етушілер пұтқа сиынушыларға ұқсатылды. Ал, қабірлерге шырақ қою – малды ысырап ету болғандықтан, бұдан қайтарылды. Өйткені, Аллаһ Тағала айтқан: **“Шынында ысырапқорлар – шайтанның туысы, ал, шайтан Раббысына қарсы”***. (“Исра” сүресі, 27-аят).

Сондай-ақ бұл іспен яһудилерге ұқсап кетіледі және қабірлерді ұлықтап, пайдасыз нәрселермен шұғылданылады. Өйткені, олар ұлы кісілерінің қабірлеріне шырақтар қоятын еді”.(1)

* Әл-Улуси Әл-Ханафи айтқан: *“Шынында, надан кісілердің ізгі кісілер қабірін биіктетіп, оның үстіне тас, қыш өруі; оған шырақтар ілуі; оған қарап намаз оқулары; оның айналасын айналулары; оны сүйелері және оның қасына арнайы уақыттарда жиналулары секілді тағыз да басқа істеп жатқан істерінің баршасы Аллаһқа және Оның елшісіне қарсы шығу әрі дінде Аллаһ Тағала рұқсат етпеген нәрсені жаңадан шығару болып табылады. Ақиқатты білмек болсаңыз: сахабалардың жер бетіндегі барша қабірлердің ең абзалы Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа салләмның қабіріне не істегендеріне қараңыз. Әрі олардың оны зиярат еткендерінде не істегендерін білсеңіз, сізге жетеді. Сіз бұны барлап, қазіргі мен сол кездегі істерді ақылмен зерделеп көрсеңіз, Аллаһ Тағаланың Өзі сізді тура жолға жолдап қояды”*.(1)

* Имам Уалиуллоһ Әд-Дихлауи айтқан: *“Ей, оқушы, егер мүширіктердің сенімі мен істерін білгіңіз келсе, бұл замандағы бидғаттар істеп жатқан кісілерге әсіресе мұсылман елдерінде тұратындарының “Тәңір” жөніндегі көзқарастарына қараңыз. Олар бұрынғы*

әулиелерді мойындайтындықтарына қарамай, “біздің заманымызда әулиелер болуы мүмкін емес” деп өткендегілердің қабірлеріне беріліп кеткен. Шынында, олар көптеген негізсіз ширк, бидғат істерге жол қойған. Олардың соншалық бұзылып, нәпістері өзгеріп, басқаларға өздерін ұқсатуларына сенімді хадистегі Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның: **“Әлбетте, өздеріңізден бұрынғылардың жолына ізбе-із еріп кетесіздер...”** деген сөздері дәлме-дәл айтылған болып шықты. Өйткені, қандай да бір бәле, іріткі болған істер болса, аты мұсылман болған бір топ бұған сеніп, еріп, беріліп кете береді. Аллаһтың Өзі бізді бұндайдан сақтасын. Қысқаша айтқанда: Аллаһ Тағала Өз мейірімімен араб жарты аралынан пайғамбарлардың ең ұлысы Абдуллоһтың ұлы Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа сәлләмді жіберіп, ұлы Құран жолымен таза, адал дінді орнатып, бұндай бекер топтармен таласуға бұйырды”.(1) Бұл кісі тағы да “Әл-будурул-бадиъа” атты кітапта былай деген: “Мына сөзді Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләм дәл айтқан: **“Әлбетте, өздеріңізден бұрынғылардың жолына ізбе-із, қарыспа-қарыс еріп кетесіздер. Тіпті олар егер кесірткенің ініне кірсе, сіздер де оларға ілесіп кіріп кетесіздер”**. Айналасындағылар: “Ей, расулуллоһ, яһудилер мен насараларға ғой?” деді. Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләм: **“Басқа кім?”** деді”.(2)

Ойлап көріңізші! Мекке мүшріктері Аллаһтың бар екенін мойындайтын. Тіпті Аллаһ Тағала олар жөнінде былай деген: **“Егер олардан “көктер мен жерді кім жаратқан?”- деп сұрасаң, сөзсіз, олар: “Аллаһ” дейді**”. (“Лукман” сүресі, 75-аят).

Бірақ олардың бұл мойындаулары ширктен құтылдыра алмады. Расында, Аллаһ Тағаланың: **“Олардың көбі Аллаһқа сенгенде, Оған серік қосып сенеді”** (“Юсуф” сүресі, 106-аят) дегеніндей көпшілік кісі ширкке түсіп қалған болады. Мекке мүшріктерінің қажыларға талқан жасап беретін бір кісіні тәңірлік дәрежесіне көтеріп, қиыншылық кезінде одан жәрдем сұрайтындықтарынан, Аллаһ оларды “кәпір” деді. Имам Термизи Ади ибн Хатамнан жеткізген хадисте Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләм бізге өте жақсы үйреткен. Ади айтады: **“Мен бірде Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның мына аятты оқып тұрғанын көрдім. “Олар (яһудилар, христиандар) ғалымдарымен машайықтарын Аллаһтан өзге Тәңір етіп алды...”** (“Тауба” сүресі, 31-аят)

Сосын: **“Олар бұл ғалым машайх кісілеріне сиынбайтын. Бірақ, олар егер ғалымдары бір нәрсені адал етіп берсе, адал дейтін, егер арам етіп берсе, арам дейтін”**, деді”.

Демек, Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләм бұл сөздерімен ортақ қосудың тек қана ғибадатта емес екенін, бәлкім ол хадисте айтылғандай жолмен де болатындығын баяндап тұр...(1)

* Имам Исмаил Әд-Дихлауи Абул-Хасан Ән-надауи арабшаға аударған “Иманды күшейту” атты кітабында айтады:

Ширк және надандықтың адамдарға қатері.

Біліп қойыңыз! Бұл заманда адамдар арасында ширк көбейіп, жайылып кеткен. Нағыз таухид бөтен болып қалды. Бірақ, адамдардың көпшілігі ширктің мағынасын білмейді. Олар ширкке түсіп, онымен былғанып кеткен болуларына қарамай “имандымыз” деседі. Сондықтан адамдардың барша нәрседен бұрын ширк және таухидтың мағынасын және Құран, хадистегі олардың үкімін білулері қажет.

Ширктің көріністері және оның түрлері.

Бүгінгі таңда көріп тұрғанымыздай адамдардың көпшілігі пайғамбарлардан, шейхтардан, имамдардан,(1) шейіттерден, періштелерден, жындардан қиын кезеңде жәрдем сұрап, оларды аттарымен шақырып, олардан қажеттерінің орындалуын сұрайды. Және

қажеттерін орындап берулері үшін оларға арнап құрбандық шалады. Кейде бәлені қайтару үшін балаларын олардың тегіне байлап: Абдуннаби, Али Бахш, Хусайн Бахш, Бир Бахш, Салар Бахш деп атайды. “Пайғамбарларды жақсы көріп, құрметтеп, ұлықтаймыз” деуіміздің ешқандай зияны жоқ. Бірақ, оларды Аллаһқа тең етіп, олар мен Аллаһ бірдей деп ойласақ, бұл – сөзсіз, ширк болады. Бірақ, біз бұлай ойламай, керісінше, олар Аллаһ Тағаланың жаратқан пендесі дейміз.

Жаһилияттағы кісілердің адасқандары мен ширк келтіргендерінің шын екендігі.

Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның заманында болған кісілер өздерінің тәңірлерін Аллаһ Тағалаға тең етіп, бірдей деп білмейтін. Бәлкім, оларды Аллаһтың мақұлығы деп мойындайтын. Олар тәңірлерін Аллаһпен құдірет және қуатта бірдей деп мүлде айтпаған. Бірақ, олардың кәпір, мүшрік болуларының себебі: оларға арнап құрбандық шалулары, нәзір атаулары, оларды өздеріне шапағатшы етіп алулары болған. Демек, қайсыбір кісі кәпірлердің өз тәңірлеріне істегеніндей бірер кісіге істесе, ол Абу Жаһлмен ширкте бірдей болады.

Ширк және ширкке кіретін істер.

Ширк бір кісінің бірер кісіні Аллаһқа теңдеп, бірдей көрумен шектелмейтінін біліп қойыңыз. Бәлкім, ширк Аллаһ Тағала Өзіне ғана тән етіп, құлшылықтың белгісі еткен істерді басқа біреуге істеумен де болады. Мәселен: бірер кісіге сәжде ету, құрбандық шалу, нәзір атау, қиыншылық кезеңде одан жәрдем сұрау секілді істердің баршасы ширк саналып, бұларды істеген кісі мүшрік болады. Егер ол жалбарынып дұға етіп жатқан кісінің немесе патшасының немесе құрбандық шалып, дұға қылып, сәжде етіп, одан жәрдем сұрап жатқан жынның дәрежесі Аллаһтың дәрежесінен төмендеу, Аллаһ – жаратушы, ал бұлар Оның мақұлығы деп ойласа да, ол бұл тірліктерді жасаумен мүшрік болады. Сол себепті Аллаһ яһудилер мен насараларды ғұламалары мен машайхтарын шектен тыс құрметтеп, тереңге кеткендіктерін мүшріктердің мүсіндерін құрметтеп, тереңге кеткендіктері сияқты сипаттады. Олардың екеуіне де ашуланып былай деген: **“Олар ғалымдарымен машайхтарын және Марям ұлы Исаны Аллаһтан өзге Тәңір етіп алды. Негізінде олар бір Тәңірге ғана құлшылық етуге бұйырылған болатын. Өйткені, Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол олардың қосқан серігінен пәк”**. (“Тауба” сүресі, 31-аят).

Мақұлықтар – ғалым ба, әкім бе, құл ма бәрібір, баршасы – Аллаһтың пендесі. Олар – әлсіз. Өлтіру, тірілту (дүниеге келтіру), қайта тірілтуге ие емес. Аллаһ оларды қайта тірілткенде бас иіп қана тұрады. Бұлар туралы “Марям” сүресінің 93–95-аяттарында былай делінген: **“Көктер мен жердегі әркім Аллаһқа ғана құл болып келеді. Расында, Аллаһ оларды түгелдеп, бір-бірлеп санын біледі. Сондай-ақ олардың барлығы Оған жеке-жеке келеді”**. Демек, Аллаһ Тағаланың жалғыз Өзі барша істі басқарушы. Өзінен басқа ешкімді бұған ие етпейді. Адамдардың баршасы жеке-жеке түрде Аллаһқа келеді. Бір-бірін қайтара алмайды. Бұл жөнінде басқа да көптеген аяттар бар. Қайсыбір кісі жоғарыда келтірілген екі-үш аятты және біз бұл жерде айта алмаған басқа да аяттарды ойлап көрсе, ширк пен таухид арасындағы айырмашылықты біліп алады. Әрі оған ол нәрселердің ақиқаты мәлім болады.

Енді Аллаһ Тағала тек қана Өзіне тән еткен әрі басқа біреудің серік болуына рұқсат етпеген істерді айту кезегі келді. Олар өте көп, барлығын айту ұзақ болып кетеді. Дегенмен, оқушы олардан ақиқат пен бекердің, туралық пен адасушылықтың ара жігін ажыратып алуы үшін кейбірлерін айтып өтуіміз қажет.

Әр нәрсені өз ішіне алатын жалпы білім Аллаһқа тән.

Алдымен Аллаһ Тағаланың әрбір мекеннен хабардар екенін айтайық. Аллаһ Тағала үлкенді де, кішіні де, алысты да, жақынды да, ашық болғанды да, жасырын болғанды да біледі. Одан ешбір уақытта ешнәрсе жасырын болып қалмайды. Қараңғыда ма, жарықта ма, аспанда ма, жерде ме, таудың шыңында ма, теңіздің түбінде ме – бәрібір. Бұл – жалпы, ешбір нәрсе жасырын болмай, әрбір нәрсені білу Аллаһқа ғана тән. Бұнда ешкім Оған серік бола алмайды. Сондықтан қайсыбір кісі қиындықты жеңілдету немесе дұшпанды қайтару үшін бірер кісіден жәрдем сұраса және кейбір кісілерді еске алып, көз алдына келтіріп оған жалбарынса және ол естиді, ол бәрінен хабардар деп тағы да басқа осы секілді ойларды ойласа, онда ол ширкке кіріп, мүшрік болып қалады. Бұл түр “Білу барысындағы ширк” деп аталады. Яғни, бұл жалпы білуді Аллаһтан өзгеге пайғамбарға болсын, шейхқа болсын, шейітке болсын, имамға болсын, жынға болсын, тіркесе және бұны олардың өздері біледі дейді ме әлде Аллаһтың бергені дейді ме, бәрібір, бұлардың барлығы да – ширк.

Қалау, шамасы жетіп барша істі басқару Аллаһқа тән.

Екінші: Істерді басқару, бұйырып қайтару, өлтіріп-тірілту, ырызықты көп немесе аз етіп беру, денсаулық әлде ауру беру, жеңілу әлде үнемі жеңдіру, істі алға бастыру немесе керісінше істі артқа кетіру, көмек беру, құтқару секілді тағы да басқа осы тектес істердің баршасы Аллаһқа ғана тән. Бұнда Оған ешкім пайғамбар болсын, әулие болсын, шейіт, ізгі кісі болсын немесе жын болсын серік емес. Демек, кім бұл істердің біреуіне олардың бірі ие деп, олардан қажетінің орындалуын сұраса, құрбандық шалу секілді істерді істесе, мүшрік болып қалады. Бұл – “Басқару барысындағы ширк” деп аталады. Ол істерге өздерінің шамасы жетеді дейді ме, Аллаһтың бергені дейді ме – бәрібір.

Ғибадат істері Аллаһқа ғана тән.

Үшінші: Аллаһ Тағала ұлықтау істерін Өзіне тән етті. Бұл істер “Ғибадат” деп аталады. Сәжде жасау, еңкею, қолдарын көкіректің үстіне қойып байлап, бас иіп тұру, Оған арнап құрбандық шалу, садақа беру, ораза, қажылық секілді бұлардан басқа алуан түрлі істердің баршасы ғибадатқа жатады. Бұларды Аллаһ Тағала пенделеріне үйреткен және Өзіне ғана тән еткен. Ал, осы істерді қайсыбір кісі пайғамбарларға, әулиелерге, шейхтарға, жынға, қабірге істесе және салт-дәстүр орындарында істейтін болса, ол ширкті істеген болады. Бұл – “Ғибадатта серік қосу” деп аталады. Бұны істеп жатқан кісі “осы нәрселер ұлықтауға лайық немесе Аллаһтың ризалығы осыларды ұлықтауда немесе осыларды ұлықтаумен бәлелер, қиындықтар кетеді” деп ойласа да, бәрібір, ширкке кіреді.

Құлшылықты және бағынуды дәлелдейтін ұлықтау белгілері Аллаһқа тән.

Төртінші: Аллаһ Тағала пенделеріне бірнеше жол-жоралғыларды үйреткен. Бұлармен пенденің иманы түзу болады және дүние өмірінде береке болып, көздеген мақсаты іске асады. Солардан мысал үшін: Қиындық кезінде Аллаһқа нәзір атау. Оның атын еске алып, жалбарыну, әрбір істі Оның атымен бастау, перзентті болғанда шүкірлік етіп, Оған арнап сою және Аллаһтың жақсы пендесі екенін дәлелдеп тұратын есімдер қою және Оның барша бұйырғандарын орындап, қайтарғандарынан тыйылу секілді тағы да басқалар. Кімде-кім осы істерді пайғамбарларға, шейіттерге, әулиелерге, жындарға, тағы басқаларға арнап істейтін болса, ол ширкті істеген болады. Бұл – “Ғибадатта серік қосу” яғни, “Аллаһқа ғана лайықты болған ұлықтау істерін Аллаһтан өзгеге істеп, ұлықтау” деп аталады.

Жоғарыда айтылған ширктің төрт түрі де Құран және хадисте ашық түрде айтылып, баяндалған.

Мен жоғарыда келтірілген Абу Ханифа рахимаһуллоһтың жолын ұстанған ғұламалардың

ширктiң осы үмбет арасында бар екенiн баяндап берген сөздерiнен кейiн, “Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның үмбетiнде үлкен ширк болмайды” деушiлердiң сөздерi бекер екенi мәлiм болатынын айтпақпын. Расында, Мұхаммед саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның үмбетiнде болған, болып жатқан алуан түрлi ширк iстердiң бар екенiн әрбiр ақылды кiсi көрiп, бiле алады. Бұған Расулуллоһ саллаллоһу аләйһи уа сәлләмның мына сөздерi дәлел ретiнде жеткiлiктi: ***“Менiң үмбетiмнен бiрнеше топ мүсiндерге табынбайынша, қиямет болмайды”.***

ҚОРЫТЫНДЫ.

1. Аллаһ Тағаланың Раббы және Тәңiр екенiнде Оған серiк қосу – бұл үмбетте бар.
2. Ханафи ғұламалары бұл iстердi баяндауда аянбады. Бұған олардың бiрнешеулерiнiң сөздерi дәлел етiп келтiрiлдi.

СҰРАҚТАР.

- 1-с. Бұл үмбеттiң Аллаһ Тағаланың Раббы екендiгiнде Оған қосқан серiк түрлерiнен мысал келтiрiңiз.
- 2-с. Аллаһ Тағаланың Тәңiрлiгiнде де Оған серiк қосу кеңiнен таралып кеткен. Солардың кейбiреуiн айтып берiңiз.
- 3-с. Ширк түрлерiн баяндап, ескерткен Ханафи ғұламаларының сөздерiнен айтып берiңiз.

СОҢЫ.

Өз нығметiмен iзгi iстердi соңына жеткiзушi Аллаһқа мадақ болсын!
Мiне, бұл оқығандарыңыз менiң шама-шарқым жеткенше Абу Ханифа рахимаһуллоһтың ақидасы баяндалған сөздерден жинағаным. Аллаһ Тағаладан тура жолға оңдап, салуын сұраймын. Әлемдердiң Раббысы – Аллаһқа мадақ болсын!
Пайғамбарымыз Мұхаммедке Аллаһ Тағаланың есендiгi және рақымы болсын!

Доктор Мұхаммед ибн Абдур-рохман Әл-Хумайс.